


«Мұқазали Мақатаев кім ?»



Жүргізуші: Армысыздар, қадірлі қонақтар!

«Қай елдің болсын рухани байлығы – өшпес сөз өнерінде. Қазақтың жүрегін жырмен тербеген, сырға тұнған сезім иесі, ұлт поэзиясының биік шыңына айналған Мұқағали Мақатаев биыл 95 жасқа толар еді. Ақынның әлемі – жүрекке бағытталған өлең, ізгілік пен адамгершілікке толы сыр».

Осы рухани басқосуымызды тәрбиеленушілеріміздің әсем өнерімен бастамақпыз. Қошеметпен қарсы алыңыздар!

(6 баланың тақпағы, «Өрнек» биі)

Жүргізуші:

«Ақынның тағдыры да, ғұмыры да – өлеңінде.

Мұқағали Мақатаевтың өмір жолы мен шығармашылық мұрасы қазақ әдебиетінің алтын қорында. Қадірлі қонақтар, назарларыңызды ақын туралы видеороликке аударайық..»

(Видеоролик көрсету)

Жүргізуші: «Ақын өмірінен көрген әр сәт – оның жырларынан көрінген сыр. Мұқағали өз ғұмырын өлеңмен өрген, жүрегін қағазға түсірген ақын» **(Пауза)**

Бүгінгі жыр кешіміздің құрметті қонақтары:

- Мұғалжар аудандық білім бөлімінің әдіскері – **Нұрмағанбетова Гүлбаршын Қуанқызы,**
- Мұғалжар аудандық білім бөлімінің әдіскері, кураторымыз – **Байтақова Гүлнұр Кеңшілікқызы,**
- Мұғалжар аудандық аналар кеңесінің төрайымы – **Асабаева Жұмагүл Мақсатқызы,**
- Зейнеткер, **Бахи Зулкашұлы**
- Жыр әлеміне жақын, ақын, айтыскер, Ембі қалалық мәдени орталығының қызметкері ... – **Сарман Ертай Аманғалиұлы,**
- Көптеген хит әндердің авторы, композитор – **Маратов Амангелді Манасұлы,**
- Шығармашылық шараларымыздың серіктесі – кітапхана ұжымы,
- Кешіміздің басты қолдаушылары – біздің ата – аналар қауымы.

Қош келдіңіздер!

«Мұқағали – сезім, уақыт туралы, тағдыр мен махаббат туралы жазған ақын. Оның өлеңдері күнделікке ұқсайды – шынайы, таза»

(Ата – аналарды «Ана» бөліміне шақыру)

«Әр жүректің алғашқы мекені – Ана. Ақын жырында Ана – мейірім, Ана – қуат, Ана – тағдыр. Сахнаға ана жүрегіне арналған өлеңдерімен ата – аналарды шақырамыз»

(Ата – аналарды «Туған жер» бөліміне шақыру)

«Туған жер – жырдың бесігі, жүректің түбірі. Ақын үшін туған топырақ – шабыт пен сағыныштың елі. Ендеше, сөз – туған жерге арналған жырға берілсін...»

(Ата – аналарды «Махаббат» бөліміне шақыру)

«Махаббат – ақын өлеңінің мәңгілік әуені. Сезім – жырды тербеткен, жүректі сөйлеткен сыр. Кезек – махаббат жайлы өлеңдерде...»

(Ата – аналарды «Өмір туралы» бөліміне шақыру)

«Өмір – арпалыс, үміт, күрес және шаттық.

Ақын үшін өмір – адам болудың өлшемі. Жыр – өмірді сөйлетеді, жүректі оятады.

Сөз – өмір туралы өлеңдерде... »

Жүргізуші:

«Домбыра – ұлттың үні, халықтың жаны. Осы киелі аспаптың әуенімен өрілген келесі әнде Мұқағали жыры жаңа бір қырынан сыр шертпек. Қарсы алыңыздар...

Әні: Елена Абдыхалықтікі, **сөзі:** М.Мақатаевтікі «Есіңе мені алғайсың»

Жүргізуші: «Ақын – тек өлеңде емес, өмірдің өзінде де үлкен тұлға. Мұқағали Мақатаевтың тағдырынан алынған сәттерін сахнадан тамашалайық...»

(Көрініс)

Жүргізуші: Бүгінгі кештің мазмұнын толықтырып, рухын көтеріп отырған қонақтарымызға сөз кезегін ұсынамыз.

Келесі сөз кезегін балабақшамыздың меңгерушісі **Жадра Асқарқызына** береміз.

Жүргізуші:

«Өлең – жүректен шықса ғана өмір сүреді. Мұқағали жырлары халық жүрегінде тұнған жыр. Ұрпаққа қалдырған рухани байлығын ұлықтау – біздің парызымыз. Кешіміздің қонақтарына және қатысушыларға алғыс білдіреміз. Жыр жасайды. Жыр өлмейді.» Келесі кездескеше қош, сау болыңыздар!



